

Тұрғын үй көмегін көрсету ережесі туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 2012 жылғы 31 қазандағы № 78 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 22 қарашада № 3897 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 285 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы мәслихатының 24.12.2014 № 285 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97-бабына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" қаулысына сәйкес Амангелді аудандық мәслихаты

Ш Е Ш Т І :

1. Қоса беріліп отырған тұрғын үй көмегін көрсету ережесі бекітілсін.
2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

К е з е к т е н т ы с
сессия төрайымы Қ. Мақсұтбаева
хатшысы Аудандық мәслихаты
Ә. Саматов
КЕЛІСІЛДІ:

_____ *М. Тобағабулов*
" Амангелді аудандық
жұмыспен қамту
және әлеуметтік
бағдарламалар бөлімі "
мемлекеттік
мекемесінің бастығы

_____ *Ж. Сеилова*
" Амангелді ауданының
қаржы бөлімі "
мемлекеттік
мекемесінің бастығы

**"Аманкелді ауданының
экономика және бюджеттік
жоспарлау бөлімі"
мемлекеттік
мекемесінің бастығы**

_____ *М. Сакетов*

М ә с л и х а т т ы ң

2012 жылғы 31 қазандағы

№ 78 шешімімен

бекітілген

Тұрғын үй көмегін көрсету ережесі

1. Тұрғын үй көмегін көрсету тәртібі

1. Тұрғын үй көмегі жергілікті бюджет қаражаты есебінен Аманкелді ауданында тұрақты тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға):

жекешелендірілген тұрғын үй-жайларда (пәтерлерде) тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй-жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстарға;

тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылары (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) коммуналдық қызметтерді және телекоммуникация желісіне қосылған телефонға абоненттік төлемақының өсуі бөлігінде байланыс қызметтерін тұтынуына;

жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу төлемақысын төлеуге;

Аманкелді ауданында тұрақты тұратын адамдарға бюджет қаражаты есебінен тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу үшін жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі көрсетіледі;

аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Аманкелді ауданы мәслихатының 19.02.2014 № 204 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін

күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi және өз әрекетiн 01.01.2014 бастап туындаған қатынастарға таратады) шешiмiмен.

2. Тұрғын үй көмегiн тағайындау үшiн отбасы (азамат) (бұдан әрi-өтiнiш берушi) тұрғын үй көмегiн тағайындауды жүзеге асыратын уәкiлеттi органға (бұдан әрi – уәкiлеттi орган), немесе халыққа қызмет көрсету орталығына (бұдан әрi – орталық) баламалы негiзде өтiнiшпен өтiнiш бередi және "Тұрғын үй көмегiн көрсету ережесiн бекiту туралы" Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысымен бекiтiлген Тұрғын үй көмегiн көрсету ережесiнiң 4-тармағында көрсетiлген құжаттарды ұсынады.

3. Уәкiлеттi орган тұрғын үй көмегiн тағайындау үшiн қажеттi құжаттарды беру күнiнен бастап күнтiзбелiк он күн iшiнде тұрғын үй көмегiн тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту жөнiнде шешiм қабылдайды, оның бiр данасы өтiнiш берушiге берiледi.

4. Егер ұсынылған құжаттар күмән туғызатын болса, уәкiлеттi орган тиiстi органдардан өтiнiш берушiнiң тұрғын үй көмегiн тағайындауға және төлеуге құқығын растайтын мәлiметтердi сұратады.

5. Тұрғын үй көмегi өтiнiш беру айынан бастап тағайындалады және жылыту маусымының соңына дейiн тағайындалатын бiрiншi тоқсанды қоспағанда, өтiнiш берушi өтiнiш жасаған ағымдағы тоқсанға көрсетiледi. Зейнеткерлер мен мүгедектерге тұрғын үй көмегiн тағайындау бүкiл жылыту маусымына жүзеге асырылады.

6. Тұрғын үй көмегiн алушы тұрғын үй көмегiн төлеу мөлшерiнiң өзгеруiне негiз бола алатын мән-жайлары, сондай-ақ олардың дұрыс есептелмегенi туралы уәкiлеттi органға хабарлайды.

7. Тұрғын үй көмегi мөлшерiне ықпал ететiн мән-жайлар туындаған жағдайда, (алушы қайтыс болуын қоспағанда) көрсетiлген мән-жайлар түскен күннен бастап қайта есептеу жүргiзiледi.

8. Өтiнiш берушi жалған мәлiмет беру арқылы заңсыз тұрғын үй көмегiн тағайындауға жол бергенi айқындалған жағдайда, тұрғын үй көмегiн төлеу оны тағайындау мерзiмiне тоқтатылады;

артық төленген сомалар бюджетке қайтарылады, ал алушы өз еркiмен қайтарудан бас тартқан жағдайда, уәкiлеттi орган аударылған төлемдердi Қазақстан Республикасының заңнамасында белгiленген тәрiпте төлетедi.

9. Жалғыз тұратын тұрғын үй көмегiн алушы қайтыс болған жағдайда, тұрғын үй көмегiн төлеу қайтыс болған айдан кейiнгi айдан бастап тоқтатылады;

тұрғын үй көмегiн алушы отбасы мүшесiнiң бiрi қайтыс болған жағдайда, қайтыс болған айдан кейiнгi айдан бастап қайта есептеу жүргiзiледi;

қайтыс болғанға байланысты төлемдердi тоқтату немесе қайта есептеу уәкiлеттi орган әдiлет органынан ай сайын сұратып алатын қайтыс болған

адамдардың тізімдері немесе отбасы мүшелері беретін мәліметтер негізінде жүргізіледі.

10. Тұрғын үй көмегін көрсету мәселелері бойынша туындаған келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

2. Тұрғын үй көмегін көрсету мөлшерін анықтау

11. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 7412 нөмірімен тіркелген, Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Төрағасының 2011 жылғы 05 желтоқсандағы № 471 "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, тұрғын үй көмегін көрсету мөлшері, тұрғын үй көмегін алуға үміткер отбасының (Қазақстан Республикасы азаматының) жиынтық табысын негізге алғанда уәкілетті о р г а н м е н а н ы қ т а л а д ы .

12. Азаматтың табысын растайтын құжаттарды тапсырғанда, мүгедектер және бір айдан астам стационарлық ем қабылдап жатқан кезеңдегі тұлғаларды, күндізгі оқу нысаны бойынша оқушыларды, студенттерді, тыңдаушыларды, курсанттарды және магистранттарды, сондай-ақ 1 және 2-топтағы мүгедектерді, сексен жастан асқан адамдарды, жеті жасқа дейінгі балаларды күтіп бағумен айналысатын азаматтардан басқа, жұмыссыз адамдар жұмыспен қамту мәселелері жөнінде уәкілетті органнан жұмыссыз ретінде тіркелуін растайтын құ ж а т т а р д ы т а п с ы р а д ы .

13. Белгіленген нормалар шегінде отбасының (азаматтың) шекті жол берілетін шығыстар үлесі жиынтық табыстан он пайыз мөлшерінде белгіленеді.

14. Тұрғын үй көмегін тағайындау кезінде алаңның нормасы есепке алынады:

1) бір отбасы мүшесіне – көп бөлмелі тұрғын үй жайларда (пәтерлерде) тұратындар үшін пайдалы алаңының 18 шаршы метрі және отбасына 9 шаршы м е т р і н қ о с ы м ш а ;

бір бөлмелі тұрғын үй жайларда (пәтерлерде) тұратындар үшін – тұрғын ж а й д ы ң ж а л п ы а л а ң ы ;

2) жалғыз тұратын азаматтар үшін - пайдаланатын алаңына қарамастан нақты алаңынан асырмай 30 шаршы метр, осы норма жатақханалар үшін де қ о л д а н ы л а д ы .

15. Есептегіш құралдары жоқ тұтынушылар үшін өтем шараларымен қамтамасыз етілетін коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтері

қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгіленеді;
егер шығыстарға тарифтер мен нормативтер заңнамамен белгіленген тәртіпте анықталмаса, шығындарды өтеу нақтылы шығыстар бойынша жүргізіледі.

16. Коммуналдық қызметтерді тұтынатын есептегіш құралдары бар тұтынушылар үшін есеп айырысуға қабылданатын шығыстары, өткен тоқсанның немесе қызмет толық көлемде көрсетілген соңғы тоқсандағы есептегіш құралдардың көрсеткіштері негізінде, бірақ есептегіш құралдары жоқ тұтынушылар үшін белгіленген коммуналдық қызметтер шығындары нормаларынан аспайтын нақты шығындармен анықталады.

17. Электр қуатын төлеу бойынша шығындарды өтеу бір адамға 100 киловатт, электр плитасы, электр су жылытқыштары бар жатақханалар мен үйлерде бір адамға, 130 киловатт есебінен, бірақ нақты шығындардан асырмай жүргізіледі.

18. Осы ережемен белгіленген нормалардан тыс ақысы тұрғын жайдың меншік иелерімен немесе жалдаушыларымен (қосымша жалдаушыларымен) жалпы негізінде жүргізіледі.

3. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру және төлеу тәртібі

19. Тұрғын үй көмегін қаржыландыру тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен, сондай-ақ нысаналы ағымдағы трансферттер қаражаты есебінен (олар бөлінген жағдайда) жүзеге асырылады.

20. Тұрғын үй көмегін төлеу уәкілетті органмен тұрғын үй көмегін алушының өтініші бойынша тұрғын үй көмегін алушының, қызмет көрсетушілердің, кондоминиум объектілерін басқару органдарының банктік шоттарына екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады; шоттарға ақшалай сомаларды аудару уәкілетті органмен ай сайын жүргізіледі.